

## **"Қазақстанның минералдық ресурстары" журналын шығару туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 13 маусым 1994 ж. N 614

Қазақстан Республикасының минералдық шикізат базасының қазіргі жағдайы туралы, жер қойнауын пайдалану жөніндегі заң актілері туралы, тендер шарттары туралы табиғи ресурстарды игерумен шұғылданатын отандық және шетелдік компанияларды дер кезінде және толық хабардар ету, әлеуетті инвесторларға қолайлы ақпараттық жағдай туғызу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер

Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақстанның минералдық ресурстары" журналының шығарылуына рұқсат етілсін.
2. Журналды шығару оның құрылтайшысы - Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігіне тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі